

## Атырау облысы Махамбет ауданындағы су объектілерінде рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілеу туралы

Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 27  
ақпандағы № 51 қаулысы. Атырау облысының Әділет  
департаментінде 2018 жылғы 16 наурызда № 4075 болып  
тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,  
27.03.2018 ж.

---

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37-баптарына, "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 10 - бабының 2 - тармағының 5-8) тармақшасына сәйкес және су объектілерінде әуесқойлық (спорттық) балық аулауды ұйымдастыру мақсатында, Махамбет аудандық әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес ортақ су пайдалану талаптарын ескере отырып Атырау облысы Махамбет ауданындағы су объектілерінде рекреациялық балық аулау аймақтары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Махамбет ауданы әкімінің орынбасары З. Мұқашқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*                      *С. Рысқалиев*

Махамбет  
аудандық  
әкімдігінің  
2018 жылғы  
"27"  
ақпандағы №  
51 қаулысына  
қосымша

## Атырау облысы Махамбет ауданындағы су объектілерінде рекреациялық балық аулау аймақтары

1. Махамбет ауданының әкімшілік аумақтары шегіндегі Жайық өзенінің учаскелері:

1) Ақтоғай ауылдық округіндегі Атамбаев ауылының солтүстіктегі соңғы нүктесінен бастап N 47° 59.780' E 051° 37.477' координаттармен, оның оңтүстіктегі соңғы нүктесіне дейінгі учаске N 47° 59.780' E 051° 37.489' координаттарымен, ұзындығы 720 метр;

2) Ақжайық ауылдық округіндегі Ақжайық ауылының сорғы бекетінен бастап N 47° 52.594' E 051° 37.806' координаттарымен, Ақтоғай ауылдық округіндегі Кенеріс елді-мекенін қоса, оның оңтүстіктегі соңғы нүктесіне дейінгі учаске, N 47° 52.514' E 051° 37.097' координаттарымен, ұзындығы 880 метр;

3) Ақтоғай ауылдық округіндегі Ақтоғай ауылының солтүстіктегі соңғы нүктесінен N 47° 47.858' E 051° 35.584' координаттармен, оның оңтүстіктегі соңғы нүктесіне дейінгі учаске N 47° 47.616' E 051° 36.564' координаттарымен, ұзындығы 1000 метр;

4) Махамбет ауылдық округіндегі Сарытоғай ауылынан жоғары, сүтазартқыш бекетінен бастап N 47° 43.801' E 051° 34.452' координаттармен, Махамбет ауылының оңтүстіктегі соңғы нүктесіне дейінгі учаске (автожолдар көпірінен бастап 50 метрге дейін) N 47° 38.896' E 051° 35.545' координаттармен, ұзындығы 6000 метр;

5) Жалғансай ауылдық округіндегі Жалғансай ауылына қарсы сорғы бекетінен бастап N 47° 36.868' E 051° 36.930' координаттарымен, ауылдың оңтүстіктегі соңғы нүктесіне дейінгі учаске N 47° 36.094' E 051° 37.698' координаттармен, ұзындығы 2050 метр;

6) Сарайшық ауылдық округіндегі Сарайшық ауылына қарсы, сүтазартқыш ғимаратынан бастап N 47° 30.862' E 051° 42.553' координаттармен, ауылдың оңтүстіктегі соңғы нүктесіне дейінгі учаске N 47° 30.199' E 051° 44.255' координаттармен, ұзындығы 2050 метр;

7) Бейбарыс ауылдық округіндегі Бейбарыс ауылына қарсы су тазартқыш ғимаратынан бастап N 47° 27.672' E 051° 47.298' координаттармен, ауылдың оңтүстіктегі соңғы нүктесіне дейінгі учаске N 47° 26.475' E 051° 49.144' координаттармен, ұзындығы 3000 метр;

8) Бейбарыс ауылдық округіндегі Талдыкөл ауылына қарсы оның солтүстіктегі соңғы нүктесінен бастап N 47° 20.598' E 051° 53.272' координаттармен, оның

оңтүстіктегі соңғы нүктесіне дейінгі учаске N  $47^{\circ} 20.237'$  E  $051^{\circ} 52.585'$  координаттармен, ұзындығы 2000 метр;

9) Алмалы ауылдық округіндегі Алмалы ауылына қарсы су тазартқыш бекетінен бастап N  $47^{\circ} 15.630'$  E  $051^{\circ} 54.002'$  координаттармен, оның оңтүстіктегі соңғы нүктесіне дейінгі учаске N  $47^{\circ} 14.416'$  E  $051^{\circ} 54.843'$  координаттармен, ұзындығы 3000 метр.

2. Махамбет ауданының әкімшілік аумақтары шегіндегі су объектілері:

1) Глухой ескі арнасы – Ақтоғай ауылдық округінің аумағында орналасқан;

2) Бақсай ескі арнасы – Ақтоғай ауылдық округінің аумағында орналасқан;

3) Сарайшық ескі арнасы – Сарайшық ауылдық округінің аумағында орналасқан;

4) Сорочинка ескі арнасы – Бейбарыс ауылдық округінің аумағында орналасқан;

5) 8-ауыл ескі арнасы – Ақжайық ауылдық округінің аумағында орналасқан;

6) 9-ауыл ескі арнасы – Ақжайық ауылдық округінің аумағында орналасқан;

7) 11-ауыл ескі арнасы – Есбол ауылдық округінің аумағында орналасқан;

8) 12-ауыл ескі арнасы – Есбол ауылдық округінің аумағында орналасқан;

9) 13-ауыл ескі арнасы – Есбол ауылдық округіндегі Ортақшыл ауылының қасында орналасқан;

10) 15-ауыл ескі арнасы – Есбол ауылдық округіндегі Еңбекшіл ауылының қасында орналасқан;

11) Қызыл-Жар көлі – Есбол ауылдық округіндегі Еңбекшіл ауылының қасында орналасқан;

12) Ұлышығанақ көлі – Алға ауылдық округінің аумағында орналасқан;

13) Гагушкино көлі – Алға ауылдық округінің аумағында орналасқан;

14) Алмағанбет көлі – Алға ауылдық округінің аумағында орналасқан;

15) Қоржым көлі – Алға ауылдық округінің аумағында орналасқан.